



Наименование области: Кызылординская область

Наименование суда: Кызылординский областной суд
(Апелляционная инстанция)

Отправитель: УВАЙДАЕВА ГУЛЬЗИРА
ТУРГАНБАЕВНА

ИИН/БИН: 750519400757

ПИСЬМО

«Заң - судьяның құралы, көздегені – әділдік» деген ұстанымды жоғары қойған, төрағалық етуші Ж. Оспанова мен судьялар Н. Қосанов және Ш. Маликова, шағымды қарау барысында, дау бойынша жауапкермен заңның бірнеше талаптарының бұзылғандығын: атқарушылық іс жүргізу барысында жауапкер ЖСО –мен талап қоюшының тарап ретіндегі (борышкер) құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік берілмегендігін, талап қоюшының жалақысынан заңсыз ұсталған қаржы соммаларының өндіріп алушыға уақытылы аударылмауын, сондай-ақ, жауапкердің борышкердің жалақысынан айма-ай ұсталған сомаларды өзінің шотына аудартып, ұстап отыру әрекеттерін, істі тоқтату туралы қаулыны атқарушылық іс жүргізу тараптарына және борышкердің жұмыс орнына тиісті түрде жолдамау әрекетсіздігін заңсыз деп танып, талап қоюшының пайдасына заңсыз ұсталған сомма мен заңсыз әрекеті салдарынан келген шығынды өндіріп, бірінші саты сот шешіміне өзгертулер енгізіп, заңды әрі негізді шешім шығарған.

Атқарушылық іс бойынша құқықтары сақталмай, әбден сандалып, әділдік іздеп шырылдаған талап қоюшының қуанышында шек жоқ!!!!

Облысымызда осындай қара қылды қақ жара отырып, әділ шешім қабылдайтын сот алқасының болуы бізді қуантады, әрі біз Сіздерді мақтан тұтамыз!!!!

Қызылорда облыстық әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Жанат Әнуарқызына, судьялар Шолпан Маратқызына мен Нұрлыбек Оразбайұлына жүрек жарды алғысымызды айта отырып, болашақта дендеріне саулық, отбастарына бақ-береке, еңбекте абырой тілейміз!!!!

Перечень прилагаемых документов:

1. Сот алқасына алғыс.PDF
2. Сот алқасына алғыс 2.PDF
3. Сенмхат.pdf

Подписал(а) УВАЙДАЕВА ТУРГАНБАЕВНА

